

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ

КОММЕРЦИАЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
050013, Алматы қ., Байтұрсынов қ-сі, 126
Тел.: 8(727)-2925740
Факс.: 8(727)-2925057



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
050013, г. Алматы, ул. Байтурсанова, 126
Тел.: 8(727)-2925740
Факс.: 8(727)-2925057

БҰЙРЫҚ

12.12.2017

ПРИКАЗ

№ 194

«АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ қызметкерлерінің
лауазымдық жалақысына үстемақы
белгілеу әдістемесін» бекіту туралы

АЭЖБУ Ректораты мәжілісінің шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына үстемақы белгілеу әдістемесінің жаңа редакциясы № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін және 2017 жылдың 12 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілсін.
2. ӘД маманы Б.К. Мырзабекова осы бұйрықты университеттің барлық бөлімшелеріне жеткізсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау АҚ жөніндегі проректор С.В.Коньшинге жүктелсін.
4. «АЭЖБУ» КеАҚ 06.12.2016 ж. № 176 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

Негіздеме: АЭЖБУ Ректораты мәжілісінің шешімі (12.12.2017 ж. № 3 хаттама).

Ректор

С. Сагинтаева

Бұйрықты енгізген:
АҚ жөніндегі проректор

С. Коньшин

Келісілді:

ФИҚ жөніндегі проректор

В. Стояк

АМД директоры

Р. Мухамеджанова

КЕД директоры-бас бухгалтер


З. Ибраева

ӘД директоры

А. Сергазина

002504
АБ маманы

Ж. Буркитбаева



С. Сагинтаева
С. Коньшин
В. Стояк
Р. Мухамеджанова
З. Ибраева
А. Сергазина
Ж. Буркитбаева

12.12.2017 ж. № 194 бұйрықпен
бекітілді

«АЭЖБ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫСЫНА ҮСТЕМАҚЫ БЕЛГІЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

1 Жалпы ережелер

1.1 Университет қызметкерлерінің еңбектегі жоғары көрсеткіштері және өздерінің қызметтік міндеттерін адал атқарғаны үшін лауазымдық жалақыларына бюджеттен тыс қаражат есебінен жеке үстемақы тағайындалады.

1.2 Әр санаттағы қызметкерлер үшін лауазымдық жалақыға үстемақы толық ақылы негізде оқитын студенттер, магистранттар мен докторанттардың санына және оқу төлемінің құнына тікелей байланысты университеттің қаржылық жағдайына байланысты есептеледі.

АЭЖБ оқытушыларының лауазымдық жалақысына үстемақы көбейткіш коэффициенттерін есепке ала отырып, бюджеттен тыс қаражат есебінен ғана төленеді. Көбейткіш коэффициенті $U (U_{\text{норма}} = 1,0)$ толық ақылы негізде оқитын барлық курс студенттері мен магистранттарының (шығарылғандарды қоса) нақты контингентіне байланысты түскен ақшалай қаражатты ескереді, ол бітіртуші және жалпы білім беретін кафедралар үшін барлық санат бойынша үстемақыларын арттырады немесе азайтады.

1.3 Бітіртуші кафедраның профессор-оқытушы құрамына үстемақы есептеуде жалпы университеттік кафедралармен салыстырғанда біраз жоғары үстемақы тағайындалуы мүмкін. Өз мамандықтары бойынша 1-курсқа қабылдау жоспарын орындамаған бітіртуші кафедралардың үстемақылары төмендетілуі мүмкін.

1.4 Университет қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстемақы тағайындау үшін ректор бұйрығы бойынша проректорлардан, Қаржы және есеп департаментінің (ҚЕД) және Академиялық мәселелер жөніндегі департамент басшыларынан тұратын комиссия құрылады. Комиссия төрағасы болып университет проректорларының бірі тағайындалады.

1.5 Комиссия жекелеген кафедра меңгерушілеріне, бөлімше басшыларына, оқытушылар мен басқа да қызметкерлерге олар осы әдістемеді ескертілмеген ерекше маңызды (аттестаттау, аккредиттеу және т.б. күрделі, жауапты өзіндік есептерді дайындау, т.б.) жұмыс түрлерін орындаған жағдайда, сонымен қатар қызметкердің басшы қызметіндегі өкілеттік мерзімінің аяқталуына орай қызметкердің басшы қызметтен қатардағы қызметке ауысуы кезінде; шетелде ұзақ өтілден өтуіне және басқа да орынды себептерге байланысты жеке үстемақы тағайындауға құқылы.

1.6 Университет қызметкерлеріне үстемақы белгілеу бойынша комиссия шешімі хаттама түрінде рәсімделеді және оған комиссия мүшелерінің барлығы қол қояды.

1.7 Комиссия шешімі негізінде университет бұйрығы бойынша университет қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына үстемақы тағайындалады.

2 ПОҚ-қа үстемақы тағайындау тәртібі

2.1 «Профессор-оқытушы құрамы жұмысының сапасын бағалау әдістемесіне» сәйкес күнтізбелік жыл ішінде бір рет (екінші семестр басталмас бұрын) әрбір кафедра мен лауазымдық топ бойынша оқытушының (кафедра меңгерушілерінен, профессорлардан бастап ассистенттерге дейін) R рейтингісі есептеледі.

Оқытушылардың әр лауазымдық тобында лауазымдық жалақылардың үстемақыларын арттыру немесе төмендету арқылы өзгерту үшін келесі санаттар орнатылады:

- А санаты – оқытушының R жоғары рейтингісіне ие 10% оқытушылар;
- В санаты – оқытушының R қалыпты орташа рейтингісі бар 70% оқытушылар;
- С санаты – R орташадан төмен, бірақ минималды қажеттіден жоғары ($R_{\text{мин}}=8,5$) рейтингке ие 20%-дан кем оқытушылар;
- D санаты – минималды қажеттіден төмен ($R < R_{\text{мин}}=8,5$) рейтингке ие оқытушылар.

Әр санаттың ішінде үстемақы санат бойынша лауазымдық жалақыға бекітілетін орташа үстемақыға қатысты теңдеу -75% -дан $+75\%$ -ға дейін ауытқу арқылы R-ға байланысты өзгеріп отырады.

2.2 Сондай-ақ, әр кафедра бойынша 2 көрсеткіш есептеледі:

- қосымша жұмыс істеушілерді қоса есептегендегі жалпы ПОҚ санының штаттағы оқытушылар санының қатысына тең штат көрсеткіші (80% -дан асуы қажет);

- ғылыми дәрежелері бар штаттағы оқытушылар санының штаттағы ПОҚ санының қатынасына тең дәрежелік көрсеткіші (дәрежелі оқытушылардың біреуі кеткен жағдайда, резервте кем дегенде 1 дәрежелі оқытушы болатындай 50% -дан астам болуы қажет).

Кафедрада көрсетілген пайыздардың бір көрсеткіші болсын төмен болса, аталмыш кафедраның меңгерушісі мен барлық оқытушыларына үстемақылар 10% градиациямен пайыз көрсеткішінің төмендеу мөлшеріне сәйкес төмендетілуі мүмкін.

2.3 Қоса атқаратын педагогикалық қызмет бойынша қызметкерлерге төленетін үстемақылар мөлшері санаттарды саралау арқылы орнатылады:

- университеттілік қоса атқарушылық бойынша педагогикалық жұмыс жүргізетін штаттағы оқытушылар мен инженерлер үшін (университеттің қаржылық жағдайына байланысты) қоса атқаратын қызметі

бойынша лауазымдық жалақысына негізгі қызметі бойынша белгіленген үстемақы мөлшерінен аспайтын;

– университеттің басқа қызметкерлері үшін – тиісті лауазымдық топтың В санатындағы R орташа арифметикалық көрсеткіші бойынша;

– сырттан қабылданған қоса атқарушылар, басқа ЖОО-дан оқытушылар үшін – ғылыми дәрежелері мен атақтары бар тұлғалар үшін тиісті лауазымдық топтың В санатындағы R минималды көрсеткіші бойынша және ғылыми дәрежелері мен атақтары жоқ тұлғалар үшін тиісті лауазымдық топтың С санатындағы R минималды көрсеткіші бойынша;

– сырттан қабылданған қоса атқарушылар – өндірістен мамандар үшін - тиісті лауазымдық топтың В санатындағы R орташа арифметикалық көрсеткіші бойынша;

– университетте кем дегенде бір жыл еңбек өтілі бар докторанттар үшін тиісті лауазымдық топтың В санатындағы R орташа арифметикалық көрсеткіші бойынша.

Сырттан қабылданған қоса атқарушылардың, докторанттардың немесе басқа оқытушылардың есептелген R көрсеткіші орташа арифметикалық көрсеткіштен асып кеткен жағдайда, үстемақылар мөлшері ПОҚ-тың жалпы рейтингісіне қосу арқылы 2.1-т. сәйкес белгіленуі мүмкін.

2.4. Жекелеген оқытушыларға топ эдвайзері ретіндегі жұмысы институт директорының орынбасары, жатақханадағы тәрбие жұмысы жөніндегі куратор міндеттерін атқарғаны үшін қосымша төлем тағайындалады.

2.5. Студенттік сауалнама және/немесе тәртіптік жаза нәтижелері бойынша ескертулері бар және/немесе орташа баллы 3,0-ден кем оқытушылардың үстемақылар санаты келесі семестрде ол толық жойылғанға (қайта қалпына келтіру немесе жаңадан есептеу арқылы) дейін минимум бір позицияға төмендетіледі.

2.6. Жұмысқа қайта қабылданған штаттық оқытушылар үшін лауазымдық жалақыларына үстемақының келесі санаты белгіленеді:

– ғылыми дәрежесі барларға – 2.2-т. сәйкес, бірақ тиісті лауазымдық топтың В санатындағы орташа арифметикалық үстемақысынан төмен емес;

– ғылыми дәрежесі жоқтарға – 2.2-т. сәйкес, бірақ тиісті лауазымдық топтың С санатындағы орташа арифметикалық үстемақысынан төмен емес (дәрежелік көрсеткішін орындаған жағдайда);

– ғылыми дәрежесі жоқ, алайда Nazarbayev University немесе шетелдік ЖОО-да (БОЛАШАҚ бағдарламасы бойынша) алынған магистр дәрежесі барларға - 2.2-т. сәйкес, бірақ аға оқытушылардың лауазымдық тобының В санатындағы орташа арифметикалық үстемақысынан төмен емес.

Ескерту – бұл үстемақы жаңадан қабылданған оқытушылар үшін екі семестр барысында сақталады. Бұл кезеңде үстемақылар шамасы оқытушының орташа баллы студенттік сауалнама және/немесе тәртіптік жаза нәтижелері бойынша ескертулері бар және/немесе орташа баллы 3,0-ден кем болған жағдайда өзгеруі мүмкін (үстемақылар санаты толық жойылғанға дейін минимум бір позицияға төмендетіледі);

2.7. АЭЖБУ-де (бұрынғы АЭЖБИ, АЭИ) 10 жылдан астам жұмыс істеген, қазіргі кезде АЭЖБУ-де толық емес жүктемеде штаттық қызметте жұмыс істейтін ғылыми дәрежесі бар зейнеткерлік жастағы оқытушылар үшін үстемақы оқу жүктемесіне тәуелсіз (0,25 немесе 0,5 немесе 0,75 немесе 1,0 жүктеме) 2.1-т. сәйкес толық көлемде және оқу жүктемесінің көлеміне пропорционалды түрде азайтусыз белгіленеді.

3 Кафедра менгерушілеріне үстемақы белгілеу тәртібі

3.1 «Кафедра менгерушілері жұмысының сапасын бағалау (рейтингін анықтау) әдістемесіне» сәйкес оқу жылында бір рет (екінші семестр басталмас бұрын) кафедра менгерушілерінің рейтингісі есептелінеді.

3.2 Рейтингіні есептеу нәтижелері бойынша кафедра менгерушілерінің тізімдері жасалады.

3.3 Кафедралар бойынша лауазымдық жалақыларға үстемақының 4 санаты белгіленеді. Бұл ретте кафедраның көрсеткіштері 2.2-тармақтағы көрсеткіштерден жоғары болса, ең жоғары кафедра рейтингісі бар кафедра менгерушілеріне 10%-дан 15%-ға дейін I санат, ал қалғандарына II санат белгіленеді. Егер кафедраның көрсеткіштері 2.2-тармақтағы көрсеткіштерден айтарлықтай төмен болса, онда кафедра менгерушісіне III санат белгіленуі мүмкін; ал кафедра менгерушісіне немесе ПОҚ-қа басқа да қосымша ескертулер болған жағдайда, кафедра менгерушісінің санаты IV санатқа дейін төмендетілуі мүмкін.

3.4 Кафедра менгерушілерінің үстемақылар санаты бір семестрге, минимум бір позицияға мына жағдайда төмендетілуі мүмкін, егер:

- студенттік сауалнама нәтижелері бойынша профессор-оқытушы құрамына ескертулер болса;
- кафедра менгерушісінің орташа баллы 3,0-ден кем болса;
- кафедра менгерушісіне тәртіптік жаза қолданылса;
- кафедра пәндері бойынша әдістемелік камту жок болса төмендетіледі.

4 Басқа санаттағы қызметкерлерге үстемақы белгілеу тәртібі

4.1 Басқа санаттағы қызметкерлерге (әкімшілік, оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персоналға, соның ішінде қоса атқарушыларға - сырттан келген қоса атқарушылар мен оқытындарға) оқу жылында бір рет (екінші семестр басталмас бұрын) әр лауазымдық санат бойынша үстемақының орташа көлемі анықталады.

4.2 Лауазымдық жалақыға үстемақы әр қызметкерге зертханаларда студенттерге сабақ өткізудің, еңбек тәртібін және қызметтік міндеттерін орындау сапасын ескере отырып, тиісті лауазымдық санат үстемақысының орташа мөлшерін ескере отырып, бөлімше басшысының ұсынысы бойынша белгіленеді.

4.3. 4.1-тармақшада көрсетілген жанадан қабылданған қызметкерлер үшін жаңа дербес үстемақылар белгілеу сәтiне дейiнгi кезеңде үстемақы қызметкерлердiң әр санаты бойынша бөлiмше басшысының ұсынысы бойынша қолданыстағы үстемақылардың минималды шамасына тең тағайындалады.

Ескерту – ерекшелiк ретiнде ректор бұйрығымен қабылданатын қызметкердiң лауазымдық жалақысына басшылардың ұсынысы бойынша жеке үстемақы белгiленуi мүмкiн.

4.4. Қызметкерге тәртiптiк жаза қолданылған жағдайда, оның лауазымдық жалақысына үстемақы жазадан кейiнгi келесi айдан бастап 6 айлық мерзiмге дейiн 20%-ға азайтылады, тiптi кейде үстемақы толық алынады. Осы қызметкерге үстемақы келесi жылы қайта белгiленедi.

5 «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ профессор-оқытушы құрамы жұмысының сапасын бағалау (рейтингiсiн анықтау) әлiстемесi

5.1 Негiзгi ережелер

Университет әкiмшiлiгi оқытушының лауазымдық жалақысына үстемақын оның, әр кафедра мен жалпы университет жұмысының нәтижелерi бойынша университеттiң меншiктi қаражаты есебiнен белгiлейдi.

Кафедраның барлық оқытушыларының кешендi R коэффициентi анықталғаннан кейiн әр кафедра бойынша әр лауазымдық санаттың барлық R құраушыларының дұрыс есептелгендiгiн оқытушының өзi тексерiп, қолын қойған ПОҚ тiзiмi жасалынады, бұл ретте нақты оқытушының осы тiзiмдегi орны R коэффициентiнiң (рейтинг) мәңiне байланысты болады.

Оқытушының лауазымдық жалақысына үстемақының шамасы оның кафедрасының тiзiмдегi орнына тәуелдi.

5.2 R кешендi коэффициентiн (рейтингiн) анықтау

R кешендi коэффициентi келесi өрнекпен анықталады:

$$R = K1 + K2 + K3 + K4 + K5 + K6.$$

K1... K6 құраушылары келесi түрде анықталады.

5.2.1 K1 коэффициентi

K1 оқытушының әдiстемелiк жұмысын, зертханалық жұмысын ескередi және соңғы 2 күнтiзбелiк жыл iшiндегi жұмыс нәтижелерi негiзiнде анықталады. Есептеулер оқытушылардың тарапынан жүргiзiледi, кафедра меңгерушiсiмен бекiтiледi және АМД-ға тапсырылады. Жыл сайын СМЖ және АМД қызметтерi бақылау тексерiстерiн жүргiзетiн болады (соның iшiнде Moodle жүйесi - <http://online.aues.kz/> базасында), айырмашылықтар

анықталған жағдайда оқытушылармен қатар кафедра меңгерушiсiне де тәртiптiк жаза қолданылатын болады.

$$K1 = 1 + \text{Бағл қосындысы (1-кесте)}.$$

20

5.2.2 K2 коэффициентi

K2 кафедра меңгерушiсiнiң осы оқытушының еңбегiн 0,5 қаламмен бағалауын ескередi. Оқытушының еңбек тәртiбi (қалыпт баға $K2 = 1$), кафедра меңгерушiсiнiң тапсырмасы бойынша ұйымдық, оқу-әдiстемелiк немесе кафедраның ғылыми жұмысының осы әдiстемедe ескерiлмеген және қарастырылмаған жекелеген бөлiмдерiн орындауы бағаланады. Баға келесi тәртiпте саралануы қажет:

- кафедраның белсендi жұмыс iстейтiн оқытушыларының 25%-нан аспайтыны $K2 = 5$ (ең жоғарғы баға) алады;
- жекелеген тапсырмаларды орындайтын ПОҚ-тың 50%-нан аспайтыны $K2 = 3$ алады;
- қалған ПОҚ $K2 = 1$ алады.

Оқытушы еңбек тәртiбiн бұзған немесе бiр реттiк тапсырманы орындаудан дәйексiз бас тартқан жағдайда, кафедра меңгерушiсi K2 мөлшерiн 0-ге дейiн төмендетуге, ал елеулi тәртiп бұзушылықтарда минус 5-ке дейiн шегеруге құқылы. Оқытушы бiрнеше рет кешiккен немесе сабақты өткiзбеген жағдайда, кафедра меңгерушiсi K2 мөлшерiн жағымсыз жаққа қарай шексiз азайтуы мүмкiн (әр кешiгi үшiн минус 2-ден, әр сабақты өткiзбегенi үшiн оқытушының түсiнiктемесiне және тәртiп бұзу жағдайына байланысты минус 5-ген аспайтындай).

K2 коэффициентiнiң мәндерiн және оқытушылардың қосымша жұмыстарының түрлерi мен тапсырмалары көрсетiлген түсiнiрiмс жазбаларды АМД-ге өткiзгенге дейiн кафедра меңгерушiсi кафедра отырысында өз шешiмiн жариялап, оны кафедра өкiмiмен заңдастыруы, содан кейiн оны институт директорымен келiсуi тиiс. Даулы жағдайларды институт директоры шешедi.

5.2.3 K3 коэффициентi

K3 оқытушының ғылым саласындағы еңбегiнiң бағасын ескередi (2-кесте). Есептеулердi оқытушының өзi және кафедра меңгерушiсi жүргiзедi. Бiр күнтiзбелiк жыл iшiнде атқарылған жұмыстар ескерiледi. Осыдан кейiн жарияланған макалалар рейтингтi есептеуде келесi жылы ескерiледi. Жыл сайын СМЖ, АТД және РД қызметтерi бақылау тексерiстерiн жүргiзетiн болады, айырмашылықтар анықталған жағдайда оқытушылармен қатар кафедра меңгерушiсiне де тәртiптiк жаза қолданылатын болады.

$$K3 = 1 + \text{Бағл қосындысы (2-кесте)}$$

20

5.2.4 К4 коэффициенті

К4 оқытушының өткен жылдағы еңбегінің институт директоры мен университеттің тәрбие жұмысы бөлімінің (ТЖБ) көзқарасымен бағасын ескереді (бірінші семестр соңында 1 рет) және 0-ден 6-ға дейінгі ауқымда 0,5 қадаммен белгіленеді.

К4 мәні оқытушының университеттің қоғамдық өміріне араласуына, жатақханадағы студенттермен жұмысына, мәдени-тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруына байланысты болады (0-ден 2-ге дейінгі ауқымда).

Оқытушының эдвайзер ретіндегі жұмысы институт директоры тарапынан студенттердің сауалнамасын ескере отыра, ТЖБ-мен келісу бойынша 0-ден 2-ге дейінгі ауқымда бағаланады.

Университет шараларын өткізуде ТЖБ-ға көмек көрсеткені; аудан, қала немесе ел деңгейінде мемлекеттік құрылыммен өткізілетін шараларға қатысқаны үшін әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі директордың ұсынысы бойынша институт директорымен қосымша 0-ден 2-ге дейінгі ауқымда коэффициент белгіленеді.

Эдвайзер жұмысын атқармаған немесе нашар атқарған жағдайда, не болмаса әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі директордың ұсынысы бойынша институт директоры оқытушының К4 мөлшерін теріс жаққа қарай кемітуге құқылы (минус 2-ге дейін). Сонымен бірге, институт директорының немесе әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі директордың ұсынысы бойынша эдвайзерге тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

Оқытушылар кешіккен немесе сабақты өткізбеген жағдайда, институт директоры оқытушының К4 мөлшерін теріс жаққа (әр кешігуі үшін 0,5 – 2-ге, әр сабақты өткізбегені үшін оқытушының түсініктемесіне және тәртіп бұзу жағдайына байланысты 1 – 6-ға) азайтуға құқылы.

5.2.5 К5 коэффициенті

К5 оқытушының студенттермен еңбегін бағалауды ескереді. К5 күзгі және көктемгі семестрде жүргізілген студенттердің жасырын сауалнамасы негізінде оқытушылардың орта баллына тең (үгірден кейінгі бірінші белгіге дейін дөңгелектеумен). Баға 3,0-ден төмен болса, К5 коэффициенті ескерілмейді.

5.2.6 К6 коэффициенті

Оқытатын пәндер саласына сәйкес сыртқы ұйымдарда ПОҚ біліктілігін арттыру ескеріледі, бірақ үш жылда бір реттен жиі болмауы керек. Курстардан, семинарлардан, тренингтерден (соның ішінде кәсібі) өз бастамашылығымен (Университет қаражаты есебінен емес) өту және АЭЖБУ-дің ішкі электронды базасына (Platonus жүйесі - <http://edu.aipet.kz/>) сертификаттың сканерден өткізілген түсті көшірмесін өз бетінше орналастыру, одан кейін АМД-ға салыстырып тексеру үшін сертификат

7

түпнұсқасын ұсыну оң негізде бағаланады. 36 сағаттан асатын (келесі 2 жыл ішінде) біліктілікті арттыру: шет елдегі – 4 баллмен, ал Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ЖОО-ларындағы – 2 баллмен бағаланады. Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn платформалары базасындағы ғана кәсіби қызмет бойынша ағылшын тіліндегі жаппай ашық онлайн курстар платформасы базасында өз бастамашылығымен оқытудан өту және курс бойынша сертификат алу 8 баллмен бағаланады.

5 жылдан астам уақыт біліктілігін арттырмаған оқытушылар үшін К6 минус 5-ке тең теріс мәнмен белгіленеді.

Біліктілігін АЭЖБУ есебінен немесе үштен бес жылға дейін бұрын арттырған оқытушылар үшін К6 = 0.

1-кесте – Рейтингі анықтау үшін оқытушылар жұмысының түрін бағалау: әдістемелік материалдар, жаңа зертханалық жұмыстарды құру (К1 коэффициенті)

№ р/с	Жұмыс түрлері	Балдық баға
1.1	<p>Әдістемелік материалдар</p> <p>Бір оқулық (*):</p> <ul style="list-style-type: none"> - университеттің Ғылыми кеңесімен ұсынылған; - РОӘК-пен ұсынылған; - ҚР БҒМ ұсынылған. <p>Бір оқу құралы (*):</p> <ul style="list-style-type: none"> - университеттің Ғылыми кеңесімен ұсынылған; - РОӘК-пен ұсынылған; - ҚР БҒМ ұсынылған. 	100 120 180
1.2	<p>Барлық білім бағдарламасының бір пәнінің оқу-әдістемелік кешенін қолдау (баллдар тек 1 жылға ескеріледі). Баллдар кафедра меңгерушісі мен оқытушылар арасында бөлінеді, мысалы: 5 баллдан артық емес – негізгі оқытушыға, 5 баллдан артық емес – қазақ (орыс) тіліндегі, 5 баллдан артық емес – ағылшын тіліндегі сай аудармасы үшін. (*)</p> <p>Жаңа пәнінің ПОӘК толық эзирлеу (әр тілде құрастырғаны үшін 15 баллдан артық емес). (*)</p>	50 60 80
1.3	<p>Үш тілдегі түсіндірме сөздік, оқу монографиясы, ISBN-мен бірге, соның ішінде электрондылар (тек қана АЭЖБУ электронды кітапханасына еркін қолданысқа жіберілгендер және жарияланғандар):</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстанда жарияланғандар немесе 80 бетке дейінгілер; - шет елде жарияланғандар және 80 беттен асатындар; - алыс шет елде жарияланғандар және 160 беттен асатындар. 	50 70 100 40 25
1.4	<p>Дерістің бір концептісі (*).</p> <p>Бір әдістемелік нұсқау (*).</p> <p>Типтік оқу жоспарын, мамандықтың жаңа модульдік оқу жоспарын, пәннің типтік бағдарламасын эзирлеу (баллдар тек 1 жылға ескеріледі және негізгі авторлар мен аудармашылар арасында теңдей бөлінебейді). (*)</p> <p>Ішкі және сыртқы баслымдарды рецензиялау (*):</p>	5+5+5 (артық емес) 15+15+15 (артық емес)
1.5		
1.6		
1.7		
1.8		40

1.9	<ul style="list-style-type: none"> - оқулықты, оқу құралын; - әдістемелік нұсқаулар мен дәріс конспектілерін. <p>Басылым жоспарына сәйкес жыл ішінде ұсынылмаған (*) немесе басылым кестесіне кешігіп ұсынылған (**) әдістемелік материалдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір әдістемелік нұсқау, бір дәрістер конспектісі; - бір оқу құралы. 	5 3 минус 12 балл минус 30 балл 30
1.10	<p>Кафедраның WEB-сайтын әзірлеу және қолдау (баллдар тек 1 жылға ғана есептеледі және кафедра менгерушісі мен оқытушылар арасында бөлінеді. мысалы: 20 балл – негізгі оқытушыға, 5 балл – қазақ тіліндегі және 5 балл – ағылшын тіліндегі сай аудармасын қолдағандарға). Баллдар АТД-ның тиісті өзгертулердің университеттің WEB-сайтына уақтылы орналастырылғандығын растағаннан кейін ғана есептеледі.</p> <p>Университеттің WEB-сайтына орналастыру үшін материалдарды уақтылы ұсынбаған АТД растамаған әр оқытушыға:</p> <p>Университеттің WEB-сайтында кафедра ақпаратын жаңартпаған және АТД растамаған әр оқытушыға</p> <p>Жаңа зертханалық жұмыстарды қою. (*)</p> <p>(алғашқы баллдар стендтерді енгізу үшін + бірінші зертханалық жұмыс үшін)</p>	минус 15 балл минус 30 балл
2	<p>Кафедра оқытушыларымен әзірленген және даярланған физикалық стенд:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы стендте орындатылған әрбір келесі зертханалық жұмыс үшін; - әрбір ұқсас стенд үшін. <p>Кафедра ПОҚ-ымен әзірленген бағдарламалық камтамасыз етуі бар кафедра оқытушыларымен әзірленген және дайындалған физикалық стенд (толық өзіндік интерфейс бар):</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы стендте орындатылған кейінгі әр зертханалық жұмыс үшін. 	50-ден 80-ге дейін 10-нан 30-ға дейін 50 70-тен 100-ге дейін 10-нан 30-ға дейін
3	<p>Кафедра ПОҚ-ымен әзірленген толық өзіндік интерфейс бар орыс тіліндегі виртуалды зертханалық стенд:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы стендте орындатылған әрбір келесі зертханалық жұмыс үшін. <p>Кафедра ПОҚ-ымен әзірленген толық өзіндік интерфейс бар қазақ тіліндегі виртуалды зертханалық стенд:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы стендте орындатылған әрбір келесі зертханалық жұмыс үшін. <p>Кафедра ПОҚ-ымен әзірленген толық өзіндік интерфейс бар ағылшын тіліндегі виртуалды зертханалық стенд:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы стендте орындатылған әрбір келесі зертханалық жұмыс үшін. 	60-тан 70-ке дейін 8-ден 15-ке дейін 60-тан 100-ге дейін 10-нан 20-ға дейін 60-тан 100-ге дейін 10-нан 20-ға дейін
4	<p>Жаңғырту желісі бойынша алынған физикалық стенд:</p> <ul style="list-style-type: none"> - осы стендте орындатылған әрбір келесі зертханалық жұмыс үшін; - әрбір ұқсас стенд үшін. 	25-тен 40-қа дейін 8-ден 15-ке дейін 20-дан 30-ға дейін 15-тен 25-ке дейін
5	<p>Қолданбалы бақдарламалар пакеті - жаңғырту желісі бойынша алынған виртуалды зертханалық стенд:</p>	

6	<ul style="list-style-type: none"> - кафедра ПОҚ-ымен әзірленген БҚ; - стендті енгізу үшін даяр БҚ-мен; - осы стендте орындатылған әрбір келесі зертханалық жұмыс үшін. <p>Зертханалық жұмыстарды қабылдаған ЖУӘК мүшелері үшін оқу үдерісінде жұмыстарды енгізу актісін жасау арқылы жаңа зертханалық жұмыстарды қабылдау (күрделілігіне байланысты, бір ақт).</p>	50 жөк 5-10 4-8
7	<p>ПОӘК тексеру бойынша СМЖ комиссия мүшелері үшін: бір ПОӘК-ті тыңғылықты тексеру (баллдар тек 1 жылға ғана ескеріледі).</p> <p>Басқа жұмыс түрлері</p>	2
8	<p>Ректораттың бір реттік тапсырмасын орындау (баллдар тек 1 жылға есептеледі және тапсырманың күрделілігі көрсетілген, жетекшілік етегін проректордың, институт директорының, кафедра менгерушісінің бұрыштамалары қойылған растаушы құжат болуы тиіс). (*)</p>	2-ден 10-ға дейін
9	<p>Штаттағы оқытушының шет тілін менгерудің жалпыеуропалық біліктіліктерге (стандарттарға) сәйкес ағылшын тілін менгергендігін растайтын халықаралық сертификатты алуы (сертификатты алғаннан кейін келесі күнтізбелік жылдан кейін).</p> <p>Ескерілген сертификаттар тізімі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (TOEFL ITP) – 460 баллдан кем емес; Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program Internet-based Test (TOEFL IBT); шектік балл – 87-ден кем емес; (TOEFL, шектік балл – 560-тан кем емес). International English Language Tests System (IELTS, шектік балл – 6.0-ден кем емес);</p> <ul style="list-style-type: none"> - ғылыми деңгейі барларға - ғылыми деңгейі жоқтарға 	100 50 20
10	<p>Өткен күнтізбелік жылы екінші ауысымда магистранттар мен докторанттарға аудиториялық сабақтар жүргізуі, әр 20 сағат (20 сағаттан аз болса, баллдар есептелінбейді).</p>	20
11	<p>Өткен күнтізбелік жылы толығымен ағылшын тілінде аудиториялық сабақтар жүргізуі, әр 20 сағат (20 сағаттан аз болса, баллдар есептелінбейді).</p>	20
12	<p>Республикалық деңгейде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын алу.</p> <p>Жоғары оқу орны ішіндегі конкурстың і дегенімен сәтті оғу.</p>	200 75

Ескерту

* тапсырма орындалмаған жағдайда осы тармақ бойынша баллдар екі есеге немесе тапсырма сапасыз орындалған жағдайда бір есеге азаяды;

** баллдарды азайту әр кезде оқытушы-әзірлеушінің рейтингін анықтау кезінде әдістемелік материалдарды баспаға өткізгенге дейін анықталады.

1.1, 1.2, 1.4 (сөздіктен басқа), 1.5, 1.6 тармақтары бойынша әдістемелік материалдарды қазақ немесе ағылшын тілдерінде шығарса, баллдар 1,5 есеге көбейеді.

Оқытушы жұмыстарды ескерілген жылдың 31 желтоқсанына дейін білім алушылар үшін еркін қолданысқа толық көлемде және өз бетінше АЭЖБУ-дің ішкі электронды базасына (Mooodle жүйесі - <http://online.aues.kz/>) орналастырмаған жағдайда, 1.1, 1.2, 1.3, 1.4, 1.5, 1.6 тармақтар бойынша баллдар есептелмейді.

2-кесте – Ғылым саласында оқытушы еңбегін бағалау (КЗ коэффициенті). Оқытушының ғылым саласындағы еңбегін бағалауды есепке ала отырып, коэффициент құраушыларын анықтау.

Балл келесі жұмыс түрлеріне беріледі	Растайтын құжат	Балл
1. Тақырыптың жауапты орындаушысы немесе жетекшісі (бірінесе тақырып болған кезде біріншісі есепке алынады, ал ұзақтығы төрт айдан асатын одан кейінгілері үшін баллдар әр тақырып бойынша қаржыландыру 1 млн. теңгеден кем емес болған жағдайда есептеледі): - ҚР БҒМ бағдарламалары бойынша; - Қазақстан Республикасының басқа министрліктерінің, басқару және реттеу орталық органдарының бағдарламалары бойынша; - ҒЗЖ және ТҚЖ шаруашылық шарттары; - АЭЖБУ-де немесе АЭЖБУ-ден арнайы грант бойынша оқитын студенттер, магистранттар мен докторанттар төленетін ҒЗЖ-ны орындауға қатысқан кезде (арқайсысы үшін баллдар): - ПОҚ-тың міндетті ҒЗЖ ғылыми тобының жетекшісі (МҒЗЖ).	Тақырып жетекшісіне мердігерлік шарты	120 60 40 20 20
2. Тақырыптың орындаушысы (бірнеше тақырып болған кезде біріншісі есепке алынады, ал ұзақтығы төрт айдан асатын одан кейінгілері үшін баллдар әр тақырып бойынша қаржыландыру 1 млн. теңгеден кем емес болған жағдайда есептеледі): - ҚР БҒМ бағдарламалары бойынша; - Қазақстан Республикасының басқа министрліктерінің, басқару және реттеу орталық органдарының бағдарламалары бойынша; - ҒЗЖ және ТҚЖ шаруашылық шарттары бойынша; - ПОҚ-тың міндетті ҒЗЖ (МҒЗЖ).	ҒТС тақырыптық секцияларында бекітілген МҒЗЖ бойынша есебі Мердігерлік шарты	60 30 30 10
3. Шет елдерде қорғалған ғылым кандидатын (ғылым докторы) нострификациялау, PhD докторлық диссертациясын қорғау.	ҒТС тақырыптық секцияларында бекітілген МҒЗЖ бойынша есебі Автореферат, нострификация жайлы құжат	120
4. МҒЗЖ тақырыбы бойынша ISBN-мен, соның ішінде электронды түрде, жарияланған ғылыми монография (тек қана АЭЖБУ кітапханасына тапсырылғандар, сонымен қатар АЭЖБУ ішкі электронды базасында (Mooodle жүйесі - http://online.auez.kz/) толық және өз бетінше орналастырылғандар): - республикалық баслымдарда; - шетел баслымдарында; - алыс шетел баслымдарында.	Монография	75 100 150
5. Қазақстандық патенттік ұйымға МҒЗЖ тақырыбы	Авторлық куәлікке	

бойынша авторлық куәлікке, өнертабысқа (патент, патент) берілген өтінім: - инновациялық патент, авторлық құқыққа куәлік; - суразиялық патенттік ведомствоға; - еуропалық, американдық, жапондық патенттік ұйымдарға;	өнертабысқа өтінім	20 30 50
6. Патент неси ретінде оқытушы көрсетілген зияткерлік меншікті қорғау құжатын алу: - Пайдалы үлгіге патент; авторлық құқықты мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (компьютерлік бағдарламаға, ғылыми туындыға); - ҚР патенті; - Еуразиялық патент; - Еуропалық патент; - АЭЖБУ-де немесе АЭЖБУ-ден арнайы грант бойынша оқитын студенттермен, магистранттармен және докторанттармен бірлескен авторлық кезінде (баллдар әр қосалқы автор үшін беріледі, алайда бір патентке қосалқы авторлардың саны 5-тен аспауы тиіс);	Патентке диплом көшірмесі, авторлық құқыққа куәлік	40 60 100 120
7. Патент неси ретінде АЭЖБУ көрсетілген зияткерлік меншікті қорғау құжатын алу: - Пайдалы үлгіге патент; авторлық құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (ЭЕМ бағдарламасына, ғылыми туындыға); - ҚР патенті; - Еуразиялық патент; - Еуропалық патент; - АЭЖБУ-де немесе АЭЖБУ-ден арнайы грант бойынша оқитын студенттермен, магистранттармен және докторанттармен бірлескен авторлық кезінде (баллдар әр қосалқы автор үшін беріледі, алайда бір патентке қосалқы авторлардың саны 5-тен аспауы тиіс);	Патентке диплом көшірмесі, авторлық құқыққа куәлік	20 60 100 200 240
8. МҒЗЖ тақырыбы бойынша мақала: - республикалық басымдарда жарияланған; - ғылыми жұмыстарды жариялау ұсынылған журналдар тізіміне кіретін республикалық журналдарда жарияланған; - жақын шетелдерде жарияланған; - алыс шетелдерде және АЭЖБУ хабаршысында жарияланған; - келесі журналдарда жарияланған: - 0,25-тен жоғары импакт-факторлы журналдарда (Web of Science); - 0,24-тен төмен импакт-факторлы журналдарда (Web of Science); - импакт-факторлы журналдарда (Scopus); - АЭЖБУ-де немесе АЭЖБУ-ден арнайы грант бойынша оқитын студенттермен, магистранттармен және докторанттармен бірлескен авторлық алыс шетелдерде жарияланған (баллдар арқайсысы үшін беріледі, алайда бір мақалаға 3 білім алушыдан аспауы тиіс); - АЭЖБУ-де немесе АЭЖБУ-ден арнайы грант	«Антиплагиат» жүйесінде тексеру үшін АТЛ-ға өткізілген мақалалар көшірмесі мен АЭЖБУ сайтына жариялау (Халықаралық дерекқорда жарияланғандарды тапсырудың қажеті жоқ – нақты сілтемесі беріледі жеткілікті).	20 10 30 40 60 300 150 100

<p>бойынша оқитын студенттермен, магистранттармен, докторанттармен және/немесе АЭЖБУ-дің дәрежесі жоқ оқытушыларымен бірлескен авторлықта импакт-факторы журналарда (Scopus немесе Web of Science) (баллдар әрқайсысы үшін беріледі, алайда бір мақалаға 3 білім алушыдан және/немесе дәрежесі жоқ оқытушыдан аспауы тиіс).</p> <p>9. МГЭЖ тақырыбы бойынша республикалық конференцияларға қатысу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - материалдарды жариялаусыз; - конференция тезистерінде жариялау арқылы; - конференция баяндамаларында жариялау арқылы. <p>Қазақстанда немесе жақын шетелдерде өткізілген халықаралық конференцияларда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - материалдарды жариялаусыз; - конференция тезистерінде жариялау арқылы; - конференция баяндамаларында жариялау арқылы. <p>Алыс шетелдерде өткізілген халықаралық конференцияларда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - материалдарды жариялаусыз; - конференция тезистерінде жариялау арқылы; - конференция баяндамаларында жариялау арқылы. <p>Баяндамалары Web of Science базасында жариялайтын халықаралық конференцияларда. АЭЖБУ студенттерімен, магистранттарымен және докторанттарымен немесе АЭЖБУ-ден арнайы грант бойынша білім алушылармен бірлескен авторлықтағы баяндамалар Web of Science базасында жарияланатын халықаралық конференцияларда (баллдар әрқайсысы үшін беріледі, алайда бір мақалаға 3 білім алушыдан аспауы тиіс).</p> <p>АЭЖБУ-де өткізілетін «Қазіргі жағдайдағы энергетика, телекоммуникация және жоғары білім» атты халықаралық ғылыми конференцияға қатысу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - материалдардың конференция тезистерінде жариялануы және тақырыптық секцияда сөйлеуі; - материалдардың конференция тезистерінде жариялануы және пленарлық мәжілісте баяндама жасауы. <p>10. МГЭЖ бойынша сараптама жүргізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір орындаушының аралық есебі; - бір орындаушының қорытынды есебі; - ғылыми топ жетекшісінің аралық есебі; - ғылыми топ жетекшісінің қорытынды есебі; - АЭЖБУ хабаршысы үшін сараптамалық жұмыстар. <p>11. МГЭЖ тақырыбын орындау кезінде ПОҚ ғылыми тобының жұмысына басшылық ету:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұжымдағы қызметкерлердің саны 3-тен 5-ке дейін; - ҰМҒТСО-да тіркелген кезде; - ұжымдағы қызметкерлердің саны 5-тен жоғары; - ҰМҒТСО-да тіркелген кезде. <p>12. Студенттік конструкторлық бюро (СКБ) тақырыптық секциясы жұмысына басшылық ету:</p>	<p>Конференция бағдарламасы. «Антиплагиат» жүйесінде тексеру үшін АТД-ға өткізілген тезистердің, баяндамалардың көшірмелері және АЭЖБУ сайтына жариялау (халықаралық дерекқорда жарияланғандарды тапсырудың кәжегі жоқ – нақты сиптемесі берілсе жеткілікті).</p>	<p>40</p> <p>5</p> <p>10</p> <p>15</p> <p>5</p> <p>15</p> <p>20</p> <p>30</p> <p>50</p> <p>80</p> <p>120</p> <p>30</p> <p>40</p> <p>60</p> <p>5</p> <p>8</p> <p>8</p> <p>15</p> <p>20</p> <p>25</p> <p>40</p> <p>35</p> <p>50</p>	<p>бойынша оқитын студенттермен, магистранттармен, докторанттармен және/немесе АЭЖБУ-дің дәрежесі жоқ оқытушыларымен бірлескен авторлықта импакт-факторы журналарда (Scopus немесе Web of Science) (баллдар әрқайсысы үшін беріледі, алайда бір мақалаға 3 білім алушыдан және/немесе дәрежесі жоқ оқытушыдан аспауы тиіс).</p>	<p>жұмыстар</p> <p>конкурстарына қатысқанын растайтын құжат</p> <p>СГЭЖ аясындағы студенттік жобалар презентациялары мен семинарлары хаттамаларының көшірмелері</p> <p>Институт комиссиясының хаттамасынан көшірме</p> <p>Растайтын құжат.</p> <p>Конкурс туралы ақпарат. Растайтын құжат.</p> <p>Республикалық конкурстың өткізілуі туралы ақпарат. Растайтын құжат.</p> <p>Халықаралық конкурстың өткізілуі туралы ақпарат.</p> <p>Растайтын құжат.</p> <p>Web of Science базасына нақты тура сілтеме</p>	<p>40</p> <p>50</p> <p>20</p> <p>30</p> <p>20</p> <p>40</p> <p>50</p> <p>80</p> <p>10</p> <p>30</p> <p>800</p> <p>400</p> <p>200</p> <p>100</p>
--	---	---	---	---	---

<p>ұжымдағы студенттердің саны 3-тен 5-ке дейін;</p> <p>ұжымдағы студенттердің саны 5-тен жоғары.</p>	<p>жұмыстар</p> <p>конкурстарына қатысқанын растайтын құжат</p> <p>СГЭЖ аясындағы студенттік жобалар презентациялары мен семинарлары хаттамаларының көшірмелері</p> <p>Институт комиссиясының хаттамасынан көшірме</p> <p>Растайтын құжат.</p> <p>Конкурс туралы ақпарат. Растайтын құжат.</p> <p>Республикалық конкурстың өткізілуі туралы ақпарат. Растайтын құжат.</p> <p>Халықаралық конкурстың өткізілуі туралы ақпарат.</p> <p>Растайтын құжат.</p> <p>Web of Science базасына нақты тура сілтеме</p>	<p>40</p> <p>50</p> <p>20</p> <p>30</p> <p>20</p> <p>40</p> <p>50</p> <p>80</p> <p>10</p> <p>30</p> <p>800</p> <p>400</p> <p>200</p> <p>100</p>
<p>13. Студенттердің ғылыми семинарына (техникалық үйірмесіне) басшылық ету (мерзімділігі айына кем дегенде 2 рет):</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұжымдағы студенттердің саны 3-тен 5-ке дейін; - ұжымдағы студенттердің саны 5-тен жоғары. 	<p>14. СГЭЖ институт конкурстарының жеңімпаздарына басшылық ету.</p> <p>15. СГЭЖ университеттік конкурстарының жеңімпаздарына басшылық ету.</p> <p>16. Қазақстандық және шетелдік ірі компаниялармен өткізілген СГЭЖ республикалық аймақтық конкурстарының жеңімпаздарына басшылық ету.</p> <p>17. ҚР БҒМ және т.б. министрліктердің қамқорлығымен өткізілген СГЭЖ республикалық конкурстарының жеңімпаздарына басшылық ету.</p> <p>18. Халықаралық ұйымдардың қамқорлығымен өткізілген СГЭЖ халықаралық конкурстарының жеңімпаздарына басшылық ету.</p> <p>19. АЭЖБУ студенттердің ғылыми конференциясына конкурстық комиссия мүшесі ретінде қатысу (бұйрық). Республикалық мәртебесі СГЭЖ конкурсына сарапшы, комиссия мүшесі ретінде қатысу (бұйрық).</p> <p>20. Оқығушыда Web of Science базасы бойынша Хириш индексінің болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ИндХ 4-тен астам - ИндХ 3-тен 4-ке дейін - ИндХ 2-ге тең - ИндХ 1-ге тең. 	<p>20</p> <p>20</p> <p>40</p> <p>50</p> <p>80</p> <p>10</p> <p>30</p> <p>800</p> <p>400</p> <p>200</p> <p>100</p>

Ескерту

1 4), 5), 6), 7), 8), 20) тармақтары бойынша ұжымдық авторлық кезінде белгіленген еңбек шығындары авторлар арасында, АЭЖБУ-де оқитын қосалқы авторларды – студенттерді, магистранттарды және докторанттарды қоспағанда, тең үлестерге бөлінеді.

2 2-кестеде көрсетілмеген МГЭЖ тақырыбы бойынша маңызды жұмыстарды орындау есепке алу кезінде ГТС ТС шешімімен нақты еңбек шығындары бойынша ескеріледі.

3 ГТС (ГТС ТС сараптамасы) оң қорытындысын алмаған МГЭЖ бойынша топ жетекшісінен 80 балл алынады.

4 ГТС оң қорытындысын алмаған МГЭЖ бойынша тақырып бөлімінің орындаушысынан 80 балл алынады.

5 Кафедраның тиісті бағыттары бойынша конкурстар, олимпиадалар және т.б. өткізу бойынша тармақтар жалпы білім беретін және бітіруші кафедралар үшін бірлесіп ескеріледі.

6 АЭЖБУ-де оқытушы лауазымындағы жұмысы басталғаннан бастап жарты жыл ішінде ПОҚ-тың міндетті ГЭЖ-ны (МГЭЖ) жоспарлауы мен орындауы болмаған жағдайда 80 балл алынады.

6 «АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ кафедра менгерушілерінің жұмыс сапасын бағалау (рейтингін анықтау) әдістемесі (әр кафедраның салыстырмалы рейтингі)

6.1 Негізгі ережелер

Лауазымдық жалақыға үстемақы әр кафедра менгерушісі үшін анықталатын R_3 кешенді коэффициентімен (рейтингімен) анықталатын кафедра орнына байланысты. Бұл коэффициент $K_{31}, K_{32}, \dots, K_{37}$ сияқты құраушылардан тұрады.

R_3 есебінің нәтижелері бойынша кафедра менгерушілерінің рейтингтік тізімі жасалады.

6.2 R_3 кешенді коэффициентін (рейтингін) анықтау

R_3 кешенді коэффициенті келесі өрнекпен анықталады:

$$R_3 = K_{31} + K_{32} + K_{33} + K_{34} + K_{35} + K_{36} + K_{37}.$$

$K_{31}, K_{32}, \dots, K_{37}$ құраушылары келесі түрде анықталады.

6.2.1 K_{31} коэффициенті

K_{31} кафедраның әдістемелік жұмысын ескереді және кафедра оқытушыларының K_1 коэффициенттерінің орташа көрсеткіші ретінде анықталады (K_1 баллы соңғы 2 күнтізбелік жыл ішіндегі «ПОҚ жұмыс сапасын бағалау әдістемесіне» сәйкес оқытушылармен есептелінеді). Есептеулерді кафедра менгерушісі өзі жүргізеді және АМД-мен келіседі

(Кафедра ПОҚ-ы K_1 коэффициентінің қосындысы) $x S$

$$K_{31} = \frac{\quad}{N}$$

Бұл жерде N – өткен оқу жылының 1 наурызындағы жағдай бойынша кафедра ПОҚ-ының штаттық бірліктерінің жалпы саны, S – көбейткіш, ПОҚ жүктемелерінің саны 19,75-тен кем болған кезде – 1,0-ге тең, ПОҚ жүктемелерінің саны 20-дан 34,75-ке дейін болған кезде – 1,25-ке тең, жүктемелер саны 35-тен асқан кезде – 1,5-ке тең.

6.2.2 K_{32} коэффициенті

СМЖ комиссиясының тексеру сәтіндегі кафедраның білім бағдарламаларының барлық курстары және барлық пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендерінің жағдайын ескереді (тексергеннен кейін түзетілген ПОӘЖ тек келесі жылы ескеріледі). Сондай-ақ, бұл коэффициент кафедраның WEB-сайтын әзірлеу мен қолдауды ескереді.

$$K_{32} = B \times \frac{K_y}{K\delta \times (1 + K\delta - K_y)} + W,$$

Мұнда, $B = 5$ – салмақ коэффициенті;

K_y – тексеру сәтіндегі толық жинақталған ПОӘЖ саны;

$K\delta$ – кафедрада оқытылатын пәндер саны;

W – WEB-сайтының жаңартылуын ескеретін коэффициент.

Коэффициент тексеріс сәтіндегі АМД мәліметтері бойынша есептеледі. Егер кафедра басқа кафедрадан қоса атқарушы оқытушыны ПОӘЖ әзірлеу үшін және пәндерді оқу үшін тартса, онда қоса атқарушыға K_1 коэффициентіне 1-кестенің 1.3-тармағына сәйкес баллдар қосылады. Бірақ, K_{31} және K_{32} коэффициенттерін есептеуде мұндай қоса атқарушының ПОӘЖ-і тартушы кафедрада ғана ескеріледі.

АТД-ның университеттің WEB-сайтына тиісті және уақтылы енгізілген өзгертулерді орналастыру туралы растаған жағдайда, $W = 3$ болады. Университеттің WEB-сайтына орналастыру үшін материалдар уақытында ұсынылмаған жағдайда, $W =$ минус 1. Университеттің WEB-сайтында кафедра аппараты жаңартылмаған жағдайда, $W =$ минус 3.

6.2.3 K_{33} коэффициенті

K_{33} кафедра оқытушыларының ғылым саласындағы жұмысының бағасын ескереді. Есептеулер менгерушімен жүргізіледі және ГД директорымен бекітіледі. Кафедра менгерушісі оқытушылардың өз рейтингісін анықтау кезінде есептеген K_{33} коэффициентінің қосындысын анықтайды. Атқарылған жұмыстар бір жыл ішінде ескеріледі. Коэффициент әр семестрдің соңында жаңартылып отырады.

Кафедра ПОҚ-ының K_3 коэффициенттерінің қосындысы

$$K_{33} = \frac{\quad}{N}$$

6.2.4 K_{34} коэффициенті

K_{34} кафедра менгерушісінің орындаушылық тәртібі мен ұйымдастырушылық жұмысының бағасын ескереді және университет

аукумында жеке АМД, институт директорымен және проректорлармен белгіленеді:

АМД – 0-ден 2-ге дейін;

институт директоры – 0-ден 3-ке дейін;

ФИК жөніндегі проректор – 0-ден 3-ке дейін;

АҚ жөніндегі проректор – 0-ден 3-ке дейін;

Коэффициент әр семестрдің соңында жаңартылып отырады. Қ34

қосынды мәні кафедраның институттың қоғамдық жұмысына қатысуына, шараларды ұйымдастыруына, оқу құжаттамасын әзірлеу сапасына, мәдени-тәрбиелік әзірлемелерді орындауына, ректорат тапсырмаларын орындауына байланысты болады.

6.2.5 К35 коэффициенті

К35 кафедра оқытушыларының студенттермен жұмысын бағалауды ескереді. Ақарылған жұмыстар жыл ішінде, яғни екі рейтинг бағалауды өткізілгенде, екі семестр арасындағы орташа арифметикалық мән ретінде ескеріледі. Коэффициент бірінші семестр соңында жаңартылады.

Кафедра ПОҚ-ының К3 коэффициенттерінің қосындысы

$K_{35} =$ _____

Рейтинг бойынша кафедраның ПОҚ саны

3,0-тен кем бағаланғанда К35 коэффициенті ескерілмейді.

6.2.6 К36 коэффициенті

К36 кафедра қызметкерлерінің еңбек тәртібін бақылауды ескереді. К36 соңғы екі семестрде кафедра жұмысының нәтижелері негізінде анықталады. Кафедра меңгерушісі бұл факт туралы білген, алайда оқытушыны алмастыру бойынша ешқандай шара қолданбаған жағдайда, баллдарды АМД кафедра меңгерушісімен бірге оқытушылардың сабақты өткізбеуі, сабаққа кешігуі немесе сабақты уақытынан бұрын аяқтауын ескеріп анықтайды. Кафедра меңгерушісі объективті себептерге байланысты білмеген және/немесе шара қолдануға кеш болған жағдайда және кафедра меңгерушісі фактіні өзі анықтап, белгілеген жағдайда, баллдар қойылмайды, бірақ мұндай кезде кінәлі оқытушыға міндетті түрде тәртіптік немесе басқа жаза қолданылуы тиіс (5.2.2. т. және 5.2.4. т. бойынша баллдарды минусқа дейін төмендету; ректордың ескерту, сөгіс жариялау, қатаң сөгіс жариялау немесе жұмыстан босату туралы бұйрығы).

Баллдардың қосындысы (I11 және I12)

$K_{36} = 3 -$ _____

N

I11 - кафедра оқытушыларының сабаққа кешігуі немесе әр семестрде сабақты уақытынан бұрын бітіру саны:

- 1 жағдай - 5 балл;
- 2 жағдай - 15 балл;
- 3 жағдай - 20 балл;
- 4 жағдай - 30 балл.

I12 - кафедраның ПОҚ-ы әр семестрдегі оқу сабақтарын өткізбеуі:

- 1 рет өткізбеу - 20 балл;
- 2 рет өткізбеу - 30 балл;
- 3 рет өткізбеу - 40 балл;
- 4 б рет өткізбеу - 50 балл.

6.2.7 К37 коэффициенті

К37 коэффициенті кафедра бітірушілерінің (бакалаврлар, магистрлер және PhD докторлары) жұмысқа орналасу көрсеткіші болып табылады және жұмысқа орналасуын растаған өткен оқу жылындағы кафедра бітірушілерінің үлесімен анықталады.

Жұмысқа орналасқан бітірушілер саны

$K_{37} = 15 \times$ _____

Бітірушілердің жалпы саны

Жұмысқа орналасқаны расталған кафедра бітірушілерінің саны 70%-дан 80%-ға дейін болғанда $K_{37} = 5$.

Жұмысқа орналасқаны расталған кафедра бітірушілерінің саны 70%-дан кем болғанда, $K_{37} = 0$.

Кафедра бітірушілерінің жалпы саны 20-дан кем болған және жұмысқа орналасқаны расталған кафедра бітірушілерінің саны 70%-дан 100%-ға дейін болғанда $K_{37} = 5$, 70%-дан кем болғанда $K_{37} = 0$.

Кез келген ЖОО-ның магистратурасына немесе докторантурасына түскенін осы ЖОО-лармен ағымдағы күнтізбелік жылдың қыркүйегінде берілген және институт директорларына қол қойдыртып өткізілген анықтама түпнұсқалары растайды (соның ішінде, қашықтықтан интернет желісі бойынша түпнұсқалардың түрлі-түсті фотосуреті).

Есептеулерді ағымдағы оқу жылының 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кафедра меңгерушілерінің өздері жүргізеді және институт директорымен бекітіледі.

АЭЖБУ Ректоратының кеңейтілген мәжілісінде қаралды және мақұлданды (12.12.2017 ж. № 3 хаттама).

АҚ жөніндегі проректор

Келісілді:

АМД директоры

КЕД директоры - бас бухгалтер

С. Конышин

Р. Мухамеджанова

З. Ибраева